

1. 14:Youth, Science, Innovation: digitalization – a new stage of development»] - 2018. Т.1, 3 р. – р.225-227. [\[in Kazakh\]](#).
2. Zhumagalieva, A.E., Ashekenova, A.A. Кóp aynymalyar fúnksiasy [Multi-variable function]: electronic educational and methodical manual (collection of independent work tasks for students of multilingual groups). - Uralsk: WKSU named after M. Utemisov, 2015. –PP. 3-68. [\[in Kazakh\]](#).
3. Gavdzinski, V.N., Korobova, L.N. Russian-English dictionary of mathematical terms.- Odessa, 2012. –PP. 3-157.

FTAMP 15.01.11

**А.Т. Абдрахманова<sup>1</sup> (orcid-0000-0002-1497-4784)-негізгі автор,**  
**Ә. Мутанова<sup>2</sup> (orcid-0000-0003-0522-6247)**

*<sup>1</sup>аға оқытушы, психология магистрі*

*<sup>2</sup>«Психология» мамандығының студенті*

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Қазақстан  
e-mail: aigul\_isafina@bk.ru*

## **ОТБАСЫ ПСИХОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ЖЕТКІНШЕКТІК ДАҒДАРЫС КЕЗЕҢІ**

**Аннотация.** Мақала отбасы психологиясындағы жеткіншектік кезеңдегі дағдарыс мәселесіне арналған. Тұлғаның дамуында отбасы қарым-қатынасының психологиялық маңыздылығы, баланың қабілеті, рухани құндылықтарының қалыптасуы, жеткіншектік шақта болатын дағдарысты кезең, жеткіншектердің негізгі іс-әрекеті достық қарым-қатынастың рөлі туралы ғалымдардың теориялық-әдіснамалық тұжырымдарына талдау жасалған. Балаларды тәрбиелеу - отбасының жүйелі жұмысы мен өзара қатынасының дұрыс ұйымдастырылуының нәтижесі. Өйткені, баланың мектептегі мінез-құлқы, оқу үлгерімі, өзіндік бағасы мен шығармашылық жетістігі оның отбасында қалыптасады.

Практикалық бөлімде отбасы қарым-қатынасындағы өзара эмоционалды байланыс, жеткіншекке жағымды әсер ететін факторлар, баланың идеал адамдарға еліктеуі мен оның жеке тұлғалық дамуындағы маңызды факторларына бағытталған ата-ана мен отбасы қатынасын зерттеу тәжірибесі көрсетілген. Зерттеу барысында «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы мен «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тестінің нәтижелері берілді. Жеткіншектерге теріс әсер ететін жағымсыз факторлар мен баланың тұлғалық дамуында отбасының үйлесіміне бағытталған тиімді ережелері ұсынылды. Жеткіншектік кезеңде баланың уақытын дұрыс жұмсау мүмкіндігі, қоғамда әлеуметтенуіне жағдай жасау ата-аналардың басшылығы арқылы жүзеге асырылады. Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда оның қабілеті мен қызығушылығын есепке алу маңызды.

**Тірек сөздер:** тұлға, қабілет, рухани құндылық, дағдарыс, эмоционалды байланыс, қарым-қатынас, фактор, идеал, жеке даму.

**Кіріспе.** Адам өзінің өмір сүру шекараларын, құпияларын білуге үш түрлі әрекет жасайды. Біріншіден, ол өз өмірін, осы өмірдегі болмысты басқаларға білдіруге тырысады. Адамның өмірде өзін-өзі анықтауының, өзінің жеке даралық мүмкіндіктерін жүзеге асырудың жолдары да әр түрлі. Мәселен, оның тұлғалық ерекшелігі сурет салу, кесте тігу немесе тоқыма тоқуға құмар болса, келесілері спорт және өнер, саясат пен жаңалық ашуға

қабілетті. Осылайша, адам өмірде өзінің қабілеттерін жүзеге асыруда басқалар сияқты емес, өзіндік жеке ерекшелігімен дараланады. Шебер тоқыған алашасымен, ұста қолданатын пышақ немесе қанжарымен, ал кілемдерге қарап, оның қандай адам екенін де бірден білуге болады. Адам өзінің коорпоративті стилін даралауға тырысып, өруде де, өнерде де дараланған. Сондықтан, кез келген тұлға өздерінің қабілеттері мен таланттарын шығармашылық жетістіктері арқылы көрсетеді.

Екіншіден, тұлғааралық қарым-қатынас арқылы өзін танытады. Қарым-қатынастың бірінші түрі «мен» және «сіз» деп бөлінуден басталады және әр адам басқалармен қарым-қатынаста өзінің «менікін» көрсетуге тырысады. Басқа адам да қарым-қатынаста өзінің қасиеттері мен дағдыларын көрсетуге тырысады. Осылайша, әр адамның өмірлік қабілеттері мен дағдылары адамдар арасындағы қатынастарда ашылып, айқындала түседі.

Үшіншіден, адамның өзі өмір сүретін ортадан шығуға, өзін жоғары, үлкен өмірге тарта отырып, өзінің іс-әрекетін жүзеге асыруға деген ұмтылысы [1].

Бала тәрбиесі мен алғашқы үлгі болатын ортасы - бұл оның отбасы. Осы шағын әлеуметтік топ - бала үшін өмір мектебі. Отбасындағы ата-ана - баланың өмірлік ұстазы және тәрбиешісі. Баланың болашағы, білімі, мәдениеті отбасындағы ата-ананың сіңірген еңбегіне, тәлім-тәрбиесіне байланысты.

Бала өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін басқалармен қарым-қатынас жасау арқылы жүзеге асырған кезде, бұл жерден идеал, үлгі алуға болады. Балалар көгілдір экраннан немесе әлеуметтік желіден белгілі батырлардың немесе әртістердің, футболшылардың қойылымдарын көріп, олар туралы кітаптар оқып, осындай болуды армандайтындығы - осы идеалдың, табынудың нәтижесі. Яғни, олардың сондай адамдарға ұқсағысы келгендері, оларды салыстыру, оларды ұстануға ұмтылу да адамзатбаласына тән табиғи қасиет. Бұл ғылымда адамның өмірге деген құштарлығының, тілегінің саналы түрде іске асуы ретінде қарастырылады.

Әр адам мені өмірге саналы түрде енгізу арқылы оны (өмірді) өз үйіме айналдырамын деп сенеді. Неміс философы Л.Б.Шнейдер адамның қоғамда болуын өмір үйі деп санады [2].

Адамның тұлғалық қасиеттері әлеуметтенудің алғашқы институты отбасында бастау алады. Әсіресе жеткіншектік жастағы дағдарыстық кезеңдегі мінез-құлық ерекшеліктері арқылы баланың тұлғалық қасиеттері жаңа дамуға бағытталады. Бұл бағыттағы жұмыстарды Р.В.Овчарова, А.Фромм, Е.М.Борисова, Е.А.Климов, Ф.Парсонс еңбектерінен көруге болады. Сондай-ақ, қазақ мектебінде ұлттық тәрбие өнегесі үлгісінің негізін қалаушылар Ы.Алтынсарин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, А.Құнанбаев, М.Дулатов, Т.Шонанов, Е.Омаров, және т.б. еңбектері қазақ халқының отбасы тәрбиесін анықтау болса, психологиялық аспектілерін отандық ғалымдардың Н.С.Жұбаназарова, Ж.Т.Түрікпенұлы, С.Қалиев және т.б. еңбектерінде кездеседі.

Отбасындағы басты міндет-ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынас адам өмірінің маңызды және негізгі саласы болып табылады, нәтижесінде тұлғааралық байланыстар орнатылып, өзара мәмілелер жасалады және дамиды. Қарым-қатынас эмоциялардың кеңсептрін қамтиды, онда сенімді түрде пікір алмасу, сезім әлемінде бірге ләззат алу, қайғы-қасіретпен бөлісу, қуаныш. Қарым-қатынас барысында рухани әлем мен ойлар, сана, мінез-құлық, іс-әрекеттер, келісім, өзара

түсіністік немесе жанжал, дау, қарама-қайшылық контекстінде екі немесе одан да көп адамдар арасындағы келісім процесі жүреді. Отбасылық қатынастарда оның барлық функциялары толық орын алады.

**Зерттеу шарттары мен әдістері.** Жеткіншектің жеке басының дамуындағы маңызды фактор - бұл өзінің ауқымды әлеуметтік белсенділігі; ол белгілі бір модельдер мен құндылықтарды игеруге, ересектермен және құрдастарымен қанағаттанарлық қарым-қатынас орнатуға, сайып келгенде, (жеке басын және болашағын, сондай-ақ ниеттерін, мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін іс-шаралар әзірлеуге) бағытталған.

Бұл жаста оқушылардың даму деңгейінде екі маңызды өзгерістер мен кедергілер орын алады:

1. ересек өмірдің дамуына кедергі келтіретін жағдайлар: балалардың көпшілігінде басқа тұрақты және маңызды міндеттер жоқ, тек оқиды; көптеген ата-аналар балаларын қорғауға және оларға жұмыстан, қиыншылықтардан қамқорлық жасауға тырысады;

2. Өсу: әртүрлі мазмұндағы ақпараттың үлкен ағымы; көптеген ата-аналардың бос уақытының болмауы және балалардың тәуелсіздікке ерте жетуі, құрдастарымен қарым-қатынастың тез дамуы. физикалық күштерді дамыту және жыныстық жетілуді жеделдету.

Тұлғаның дамуы «адамның адаммен қарым-қатынасында» қалыптасады. Қоғамның дамуында жеткіншек кезіндегі қарым-қатынас мәселесі әлеуметтік жүйеде тұлғаның дамуында ерекше орын алады. Өйткені, қарым-қатынас әр адамның тұлға ретінде қалыптасуының маңызды шарты болып табылады. Жеткіншек-бұл жеке тұлғаның дамуындағы ерекше маңызды кезең. Зерттеуші ғалымдар өз еңбектерінде балалардың өзара қарым-қатынасы – бұл басқа адамдармен және әртүрлі серіктестермен ақыл-ой диалогы түріндегі рухани құндылықтардың өзара әрекеттесу процесі деген қорытындыға келді [3].

Адам өзінің іс-әрекетін өмір мен қозғалыс арқылы бағалауды үйренеді, моральдық нормаларды біледі. Балалық шақтан ересек өмірге ауысудың бірі үздіксіз жүрсе, екіншісі балалық шағында үйренетін түрі және ересек адамның рөлін түсіну үшін қажетті әрекеттер мен тәсілдер арасында үзілістер бар болуы.

Ал, баланың әлеуметтік жағдайы:

- жас айырмашылығы дағдарысының ұзақтығы;
- дағдарыстардың, даулардың, қиындықтардың болуы;
- балалық шақтан ересек өмірге көшу оның сипатымен анықталады.

Жас дағдарысы белгілі бір жастан екінші жасқа дейінгі адамның дамуындағы стресс немесе өтпелі кезең деп саналады. Бұл дағдарыс жас кезеңінің үйлесімі ретінде қарастырылады, оның сипаты дамудың бір кезеңін аяқтау және екінші кезеңнің басталуы болып табылады. Дағдарыс кезеңіндегі жас айырмашылықтары: адамның темпераментіндегі, мінез-құлқындағы, биологиялық және әлеуметтік көзқарастарындағы өзгерістердің көрінісі. Балалық шақтағы дағдарыс төрт кезеңге бөлінеді.

Жаңа туған нәрестедегі дағдарыс - 0-2 ай. Босанғаннан кейінгі алғашқы күндерде салмақ жоғалту әлеуметтік мәртебеге келетін болсақ, мұны екі жолмен қарастыруға болады:

1. Баланың биологиялық қозғалысы жоқ және ересектердің көмегінсіз қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды.

2. Ересектерге тәуелділік бала қарым-қатынас тілін дамытпаған сайын артады. Бұл жаста ол жеке рухани өмірінде «жаңғыру кешенімен» жаңа білім алады және бірнеше құбылыстарға мыналар жатады:

- ересектерге жақындағанда жалпы қозғалыс қозуы.

- жылайды немесе назар аударуды талап етеді.

- анамен сөйлескен кезде әр түрлі дыбыстар шығарады және күледі.

«Қалпына келтіру кешенінің» кезеңі балаға қиын, өйткені бұл қалыпты ақыл-ой дамуының көрсеткіші. Біржылдық дағдарыс кезеңінде нәрестелік жастан сәбилік жасқа дейінгі аралық. Бұл жаста тәуелсіздікке байланысты жаңа аффективті құбылыстар пайда болады. Балаға «жоқ» сөзі ерте жастан таныс және дағдарыс кезінде ол өзекті болады. Эмоционалды регрессия іс-әрекеттегі «жоқ» сөзінің күшін көрсетеді (жылау, айқайлау, еденге құлау, соққылар).

Бір жылдық дағдарыста жалпы сәтсіздік келесідей:

- биоырғақ процесінің зақымдануы (ұйқысыздық)

- қажеттіліктерін қанағаттандыра алмау немесе бұзылуы (аштық сезімі, сүйікті тағамнан бас тарту, тәбеттің болмауы).

- тітіркенудің көрінісі (қышу, реніш, депрессия).

Жедел дағдарыс кезеңі-үш жас кезі. Баланың айнадағы көрінісін және басқалардың оған қалай назар аударатынын көру қызықты болады. Үш жасар баланы түзетудің қажеті жоқ, өйткені дағдарыстың символы жеті негізгі элементтен тұрады:

1. Теріс қылық. Баланың ересектердің сөздеріне қарсылығы, ересектердің кеңестеріне керісінше әрекет жасау;

2. Бірбеткейлік. Өзінің айтқанын жасату, талабын орындату;

3. Қыңырлық. Ересектердің тәрбиелеріне деген қарсылық;

4. Еріктік. Баланың бәрін өзі жасауға мүмкіндігінің болуы;

5. Тәртіпсіздіктер мен наразылықтар. Айналадағы өзін қоршаған адамдармен қарсыласу деңгейінде;

6. Құнсыздық. Бала ата-анасын мазалайды, туыстары мен айналасындағыларды мазақтап, ашуландырады;

7. Қатыгездік. Бала ата-анасына өз айтқанын жасатады. Қатыгездік қарындасының немесе ағасының қызғанышынан туындайды [4].

Дағдарыс кезінде бала әлеуметтік қатынастарда өзін-өзі тануды дамытады. Бала «Мен», «Мен өзім» сөздерінің мағынасын түсініп, қолдана алады. Бір жастағы дағдарыстың өзін-өзі реттеуімен сипатталатын жеті жастағы дағдарыс. Бала өзіне қажетті мінез-құлық ережелерін реттей алады. Л.С.Выготский ұсынған белгілер: безендіру және мінез-құлық [5]. Дағдарыстың қайнар көзі: мектеп жүйесінің ерте балалық шаққа сәйкес келмеуі. Бала өзінің эмоциясын басқара алмайды, өйткені ол бір мінез-құлқын жоғалтты және жаңа нәрсені білмеді. Жеті жас кезіндегі дағдарысты игерген бала өзінің эмоциясын басқаруға және жағдайдан еркін немесе әдейі шығуға қабілетті болады.

Жеткіншектік кезеңі 13-14 жастағы әлеуметтік даму дағдарысы. Бұл да үш жылдық «Мен өзім», енді әлеуметтік мағынада қолданылады. Егер біз әдебиетке жүгінетін болсақ, онда бұл жас кіндіктің екінші кесілуінің жасы ретінде қарастырылады. Негізгі сипат айқындық деңгейінде, оның белгілері келесідей: баланың оқу іс-әрекетінде құнарлылығы, дарынды жақтың ауырлығы төмендейді. Дағдарыстың екінші белгісі - жағымсыздық. Бұл кезең кейде үш жастағы дағдарысқа ұқсас қарастырылады. Бала өзін қоршаған ортадан шектейді, күресуге, жалғыздыққа дайын. Бұл жастағы мінез-құлық

көріністерін Л.С.Выготский үш нұсқада қарастырады [5]. Бірінші нұсқа - жеткіншектік кезіндегі алауашылық барлық жағынан ашық байқалады. Оның мерзімі бір аптадан екі аптаға дейін, бірнеше айға дейін созылуы мүмкін, ұқсас құбылыс жеткіншектікте шамамен 20 балл болады. Екінші типтегі балада бұл өмірлік жағдайдың кейбір жерлерінде байқалады, қоршаған ортаның жағымсыз құбылысына мыналар жатады: отбасындағы жанжал, үлкендердің қысымшылығы, жеткіншектер 60 баллға жататын қолайсыз жағдай жасау. Ал үшінші жағдайда-жағымсыз жағдай мүлдем байқалмайды немесе жоқ. Оның шамамен 20 ұпайы бар. Жеткіншектігі психологиялық жанжал көбінесе өзіне ғана емес, тікелей қоршаған ортаға деген көзқарасқа байланысты туындайды.

Жеке дамуда жасқа байланысты саралаудың өтпелі кезеңі ымырасыз басталады. Ол өзін-өзі көрсетуге, өзін ашуға деген ұмтылысымен сипатталады. Бірақ ол өзін қоршаған орта, ересектер, ата-ана ретінде толық білетінін айтады. Ол өзінің ішкі әлемін толығымен аша алмайтындығынан зардап шегеді, кейде қарым-қатынас кезінде өз-өзіне күмән туады. Сондықтан, баланың құрдастарымен қарым-қатынасы оның жеке дамуында өте маңызды. Нәтижесінде олар дене мен рухани теңдікті түсінеді, өздерін және басқаларды бағалайды. Қарым-қатынас танымдық қызығушылықтың, өзін-өзі тәрбиелеудің, белсенділіктің артуына ықпал етеді.

Баланың құрдастарымен қарым-қатынас жасау қажеттілігін ата-аналар алмастыра алмайды. Құрдастарымен қарым-қатынастың болмауы жеке тұлғаның дамуына және өзін-өзі тануға айтарлықтай кедергі болады. Еркін қарым-қатынас дамып келе жатқан тұлғаны білдіру, жаңа байланыстар жасау құралдарының бірі. Сондықтан, үлкендердің қысымымен еркектік, қарсылық, дөрекілік белгілері пайда болады. Олар өздерінің жоспарларын, құпияларын, іс-әрекеттерін тек ата-аналарына емес, достарына айта алады. Мұндай жағдайда бала тым тыныш, шатасады және оның мінезінде оқшаулау пайда болады. Керісінше, егер олар достарымен жақсы қарым-қатынаста болса, олар өздерін бақыттылар қатарына жатқызады.

Біріншіден, құрдастарымен қарым-қатынас – бұл өте маңызды. Осылайша, бала оған не қажет екенін, ересектер не туралы сөйлесетінін біледі.

Екіншіден, тұлғааралық өзара әрекеттесудің ерекше түрі. Бірлескен іс-шаралар арқылы ол әлеуметтік әсер ету үшін қажетті дағдыларды игереді, ұжымдық тәртіпке бағынуды және өз құқықтарын қорғауды үйренеді.

Үшіншіден, эмоционалды байланыс түрі. Командада болу, ынтымақтастық беріктік пен сәттілік сезімін береді. Оның әр түрлі іс-әрекеттегі қарым-қатынасы жаңа психологиялық және жеке қасиеттерді қалыптастыруға негіз болады. Осылайша, қарым-қатынас адамзат үшін маңызды құбылыс болып табылады, оны әртүрлі деңгейлерде, әртүрлі кезеңдерде қалыптастыруды қажет етеді.

**Зерттеу нәтижелері.** Қазіргі кезеңде әлемде болып жатқан пандемия жағдайы отбасындағы бірқатар мәселелерді жоюға, алдын алуға және түзетуге түрткі болды. Ата-аналардың бос уақытының аздығы отбасында баланың тұлғалық дамуы мен тәрбиесіне жете мән бере алмауынан олардың жеткіншектік жастағы дағдыдарыс кезеңінен қиын өтуіне түрткі болатын. Ал, пандемия осы мәселеленің ата-аналар үшін маңыздылығын айқындап бергендей.

Кез-келген психологиялық эксперименттің нәтижесінің тиімділігі қажетті эксперименттік әдістерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты.

Сонымен қатар, зерттеу әдістемесі тәжірибені іске асыру құралы, операциялар мен тәсілдердің бірлігі (олардың жүйелілігі мен өзара байланысы), сондай-ақ ақпаратты талдау мен өңдеудің қалыпқа келтірілген ережелері болып табылады. Сондықтан, зерттеу нәтижесінің нақты болуы бірін-бірі толықтыратын эксперименттік әдістерді жүзеге асыруға байланысты. Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты: ата-аналардың жеткішектердің дағдарысты кезеңіндегі ролін анықтау. Экспериментке қатысқан ата-аналарға онлайн форматта «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасы мен «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» тесті жүргізілді. Екі зерттеу әдістемесінің талдау көрсеткіштері «жоғары», «орташа» және «төмен» үш деңгейде сипатталды.


Сонымен, зерттеуіміздің эксперименті бойынша орташа пайыздық көрсеткіш төмендегі 1-кестеде берілген.

Кестел

Ата-аналарды зерттеу нәтижелері

№	Сіз қандай ата-анасыз?	Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?
Жоғары деңгей	28 %	34 %
Орташа деңгей	35%	42 %
Төмен деңгей	37 %	24 %

Сонымен, екі зерттеу нәтижелерін талқыласақ, мынадай ортақ ерекшеліктерді көруге болады: отбасындағы тәрбие мен баламен қарым-қатынасында ата-аналық қамқоры мен рөлінің төмен екені бірінші сауалнамада 37% көрсетті. Бұл ата-аналардың бала тәрбиесі мен оның дамуына әлі де жете мән беруді қажет етеді. Екінші, «Сіздің өміріңізде бала қандай орынға ие?» - деген тестінде 24% төмен деңгей отбасындағы әрбір ата-ананың балаға мейірімділік, адамгершілік қасиетін түсіну көрсеткіші. Екі зерттеу әдістемесінің салыстырмалы пайызы төмендегі 1-суретте сипатталды.



Сурет 1. Зерттеу көрсеткіштері

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша біз отбасы мүшелерінің қарым-қатынас аспектілеріне назар аударудың маңыздылығын анықтадық. Мысалы:

- жеткіншектің көңіл-күйін, сезімдері мен тілектерін және психологиялық тұрғыдан ескеру;
- жеке пікір білдіруге және шешім қабылдауға құқығы бар адам ретінде қабылдау;
- әңгіме желісін сөйлейтін сұрақтың немесе іс-әрекеттің негізіне бағыттау;
- қарым-қатынаста ойын-сауық және ойын жағдайларын жиі ұйымдастыру;
- қарым-қатынаста бала өз сезімдерін, тілектерін білдіре отырып, даралықтың ерекшеліктері туралы ұмытпауы керек;
- проблемалық жағдайларда тыныштық сақтау;
- екінші адамның ой-пікірлерін аяғына дейін тыңдай білу.

Отбасылық терапиясының кезеңдері:

I кезең - диагностикалық (жасөспірімнің көзқарасымен оның жеке тарихын, отбасы тарихы, психологиялық диагностиканы қамтиды);

II кезең - отбасылық жанжалды жою (эмоционалды байланыс орнатудан, эмоционалды реакциядан, отбасындағы шиеленісті жоюдан, бір жақты кездесулерден тұрады);

III кезең - реконструктивті (отбасылық мәселелерді топтық талқылау, жеткіншектер мен ата-аналар топтарында немесе отбасы тобында қарым-қатынастың қолайлы түрлерін іздеуді қамтиды);

IV кезең - қолдау (отбасылық терапия кезінде қол жеткізілген өзара әрекеттесудің жаңа формаларын сақтау үшін психологқа кеңес беруді қамтиды).

Отбасылық терапияға қатысты көрсеткіштер - бұл мінез-құлық бұзылыстарының барлық түрлері (жыныстық ауытқуларды қоспағанда) және мінез-құлық ауытқулары, олардың биологиясы отбасының әртүрлі ұйымдастырылуымен және дұрыс емес тәрбиімен байланысты. Жеткіншектермен байланыс орнату үшін серіктестік ұстанымды, байыпты қарым-қатынасты, қайырымдылықты, оларға сенім арту, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ата-ана толық білуі керек. Ал кейбір жағдайларда психологиялық терапия тиімсіз болғанда отбасылық терапияның бұл түріндекелесі әдістерді қолдану ұсынылады. Олар: вербалды және вербалды емес.

Вербалды емес әдістер:

- психодиагностикалық сурет («Біздің топ», «Менің достарым», «Менің отбасым» және т.б.);

- психогимнастика (қозғалыс өрнегі, «Алақандар», «Затты беру», «Бірлескен әрекеттер»);

- пантомима (орындалмаған армандар, қорқыныш, үміт, қиындықтар).

Вербалды әдістер:

- жасөспірімдердің өмірбаяндарын анонимді талқылау;

- бұрынғы мінез-құлық нысандарын қабылдау немесе қабылдамау арқылы болашақ моделін құру;

- тақырыптарды талқылау («Танысу», «Бос уақыт», «Үйден қашу», «Хобби», «Маған отбасында не ұнайды, не ұнамайды»);

- конструктивті дау әдісі;

- ауызша талқылау әдісі.

Психологтың отбасымен әр түрлі формада жүргізетін түзету жұмыстары (отбасылық кеңес беру, түзету-тәрбиелік топтар және отбасылық

психотерапия) балаға бағытталған және тұлғаға бағытталған гуманистік көзқарасқа негізделеді.

**Ғылыми нәтижелерді талқылау.** Қоғамның әр мүшесінің әлеуметтік рөлін көрсететін қызмет түрлері: отбасындағы ата-аналар мен балалар арасындағы, мұғалім мен тәрбиеші, мұғалім мен оқушы, тәрбиеші мен бала, сатушы мен алушы және т.б. арасындағы қарым-қатынас. Мұнда қоғамдық өмірде әр адамның өзіндік ерекшелігі мен мінез-құлық ерекшеліктері, қасиеттері мен ерекшеліктері дамиды, «Мен» бейнесі қалыптасады. Белгілі ғалым Л.С.Выготскийдің айтуынша, әлеуметтік әлем мен қоршаған орта адамның дамуына қажетті органикалық жағдайлар болып табылады [6]. Балалардағы психикалық процестердің дамуы олардың үлкендермен қарым-қатынас жасаудағы рөлінің бастапқы кезеңінде.

Балалардың күнделікті дамуында және қоршаған ортаны білуде өзара әрекеттесудің қандай әсер ететінін мұқият түсінуге болады. Егер, ата-аналар балаларымен қарым-қатынасты тоқтатып, оларға ақпарат жеткізсе, олар балалардың дамуына, рухани толыққанды дамуына деген қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын еді және кез-келген өзгерістерге ұшырайтын еді. Қарым-қатынас адамзат үшін әр түрлі деңгейлерде, әр түрлі кезеңдерде қалыптасуды қажет ететін құбылыс. Адам әлеуметтік және жеке сананың, эмоциялардың, сезімдердің, мінез-құлық нормаларының көрініс формаларын, оқыту, қарым-қатынас процесінде меңгереді.

Ата-аналарға жүргізілген зерттеу жұмысынан кейін біз жеткіншектермен қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдары арнайы психологиялық ағарту іс-шаралы, психологиялық кеңестер және т.б. Мәселен, ата-ана балаға айтылатын сөзді қалай тиімді жеткізуге болатын мысалдарды төмендегі 2-кестеде ұсындық.

## Кесте 2

Ата-ана мен бала арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты орнатуға арналған ұсыныстар

Типтік сөйлем	Қалай айту керек
Сен жақсы оқуың керек!	Мен сенің жақсы оқи алатыныңа сенімдімін!
Сен болашағыңды ойлауың керек!	Сенің қандай адам болғың келетіні қызық? Қандай мамандықты жоспарлар отырсың?
Сен үлкендерді сыйлауың керек!	Білесіңбе: үлкендерге құрмет - адамның жалпы мәдениетінің элементі.
Сен мұғалімдеріңмен ата-ананды тыңдауың керек!	Әрине, сенің өз пікірің болуы мүмкін, бірақ үлкендердің пікірін тыңдау пайдалы.

Жалпы, дұрыс қалыптасқан отбасындағы қарым-қатынас баланың жеке және психологиялық дамуының ғана емес, сонымен бірге оның шығармашылық қабілеттері мен дағдыларын дамытудың қайнар көзі болып табылады. Сондықтан, баланың отбасында жан-жақты дамуының тиімді ережелері:

- Баланы сүйу, құрметтеу, оның табиғи қабілетін ескеру;



- бұл балаға әсер ететін құрғақ сөз емес, ол қалай сөйлейді, қалай шын жүректен қуанады;

- баламен қарым-қатынаста оның жас ерекшеліктері, мөлшері бар доп болуы керек. Сонда ғана үлкен мен кіші арасындағы жанжал оң шешіледі;

- баланың пікірін соңына дейін тындау, не айтқысы келетінін түсіну, асығыс тұжырымдардан аулақ болу;

- жаза баланың дамуына әсер етпейтіндей етіп жасау (бала жаман емес, оның әрекеттері дұрыс емес);

- балаға үйрететін нәрсені бірінші ата-ананың өзі толық меңгеруі керек.

**Қорытынды.** Қазіргі таңда ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасы туралы жоғарыдағы зерттеу көрсеткіштері бойынша маңызды мәселелері анықталды. Олар:

- жасерекшелік дағдарыс кезеңнің маңыздылығы;

- әлеуметтік желіге қызығушылық, ондағы балаларды қызықтыратын, тәуелділікке итермелейтін жағымсыз ойындар мен ақпараттардың көптігі;

- онлайн оқыту жеткіншектердің мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттерінің дамуына ықпалы;

- осы кезеңде отбасы мүшелері мен ата-аналардың қарым-қатынасы.

Дегенмен, бұл көрсеткіштердің жеткіншек үшін жағымды жақтарына ақпараттық-компьютерлік сауаттылығын жатқызсақ, сәйкесінше жағымсыз кері әсерлеріне интернетке тәуелділік, физикалық дамуына тежеу, денсаулықтың нашарлауы, агрессивтілік және т.б. жатады. Бұл мәселелерді алдын алу мақсатында ата-аналарға арналған психологиялық ағарту жұмыстары мен кеңестер берілді. Мәселен, біріншіден, жеткіншектермен жылдам тіл табысу үшін ата-ана не істеу керек? Екіншіден, отбасында үйлесімді қарым-қатынас орнау үшін ата-анада қандай құзыреттіліктер басым болуы керек? Үшіншіден, жеткіншек үшін ең бірінші орында білім алу ма әлде достарымен қарым қатынас маңызды ма? Осы сұрақтар арқылы біз ата-аналарға оларды жеткіншектердің көзімен жауап беруді ұсындық. Мәселен, бірінші сұраққа, «жеткіншекті түсіну керек», «менің ойымды тыңдау керек» деген жауаптар болса, екінші сұраққа «мейірім», «көп қаржы», «ұрыс-керіс болмау». Ал соңғы үшінші сұраққа «достарымен қарым-қатынас» - деген жауапты басым көпшілігі мақұлдады. Өйткені жеткіншектік кезеңде олардың негізгі іс-әрекеті қарым-қатынас болып табылады.

Тұлғааралық қатынастарды қабылдаудың психологиялық нормалары бұзылған отбасына психологиялық көмекті ұйымдастыру туралы біз келесі ұсыныстар жасалды.

- жеткіншек пен ата-ана арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасқа ересектермен достық қарым-қатынас орнату арқылы қол жеткізуге болады.

- отбасының психологиялық жағдайын диагностикалаудың көптеген әдістері үлкен психокоррекциялық әсерге ие. Шынында да, зерттеу нәтижелерін талдау барысында ата-аналарға психологиялық кеңестер беріліп, жеткіншек жастағы балаларымен жиі болатын қақтығыстар мен келіспеушіліктердің себептері анықталады.

- ата-аналардың да, балалардың да қатысуымен психокоррекциялық шараларды жүргізу кезінде отбасында туындайтын қақтығыс жағдайларын шешудің тиімділігі артады, оларды шешу жолдарын талдау және анықтау қажеттілігі.

Қорыта келе, жеткіншектік жас - бұл физикалық және психикалық өсу ғана емес, сонымен бірге басқалармен барабар өзара әрекеттесу, қиын жағдайда өз бетінше шешім қабылдауға, қиындықтардан бас тартпауға

мотивациясы жоғары болатын кезеңі болса, отбасы негізгі әлеуметтік институт.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Жақыпов, С.М. Жалпы психологияға кіріспе [Мәтін]: оқу құралы /жауапты ред. С.М. Жақыпов. –Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 230 б.
2. Андреева, Т.В. Семейная психология [Текст]: учебное пособие. – СПб.: Речь, 2004. – 244с.
3. Турдалиева, Ш.Т. Қарым-қатынас тұлғаны әлеуметтендірудің тиімді құралы [Мәтін]: монография / Ш.Т. Турдалиева – Тараз: М.Х. Дулати ат.ТарМУ, 2019. - 211б.
4. Жақыпов, С.М. Білім беру жүйесінде қолданылатын психодиагностикалық тесттер [Мәтін] / С.М. Жақыпов, Ф. Бизақова - Алматы, 2006. – 247 б.
5. Мұсаева, С.А. Жас ерекшелік педагогикасы [Мәтін]: оқулық / С.А. Мұсаева, Т. Бегалиев. - Астана, 2006. – 128 б.
6. Шнейдер, Л.Б. Психология семейных отношений [Текст]: учебное пособие для вузов. 2-е изд. –М.: Академический Проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2006, — 768 с.

*Материал редакцияға 03.06.21 түсті.*

**А.Т.Абдрахманова, Ә.Мутанова**

*Таразский региональный университет им. М.Х.Дулати, г.Тараз, Казахстан*

#### КРИЗИС ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА В СЕМЕЙНОЙ ПСИХОЛОГИИ

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы семейной психологии и проблемы кризиса подросткового возраста. Проведенный анализ теоретико-методологических выводов ученых свидетельствует о психологической значимости семейных отношений в развитии личности, способностях ребенка, формировании духовных ценностей, кризисном периоде, происходящем в подростковом возрасте, роли дружеских отношений в основной деятельности подростков. Воспитание детей - результат систематической работы и правильной организации семейных отношений. Поведение ребенка в школе, его успеваемость, самооценка и творческие успехи формируются в семье.

В практической части отражен опыт исследования взаимоотношений родителей в семье, взаимную эмоциональную связь в семейных отношениях, факторы, оказывающие положительное влияние на подростка, такие как подражание идеальным людям и важнейшие факторы его личностного развития. В ходе исследования вопросов «Какие Вы родители?» и «Какое место в вашей жизни занимает ребенок?» были даны результаты тестирования. По этим результатам предложены эффективные правила, направленные на гармонизацию семьи, устранение негативных факторов, оказывающих влияние на подростка и развитие личности ребенка. Умение правильно расходовать время ребенка в период взросления, создание условий для социализации в обществе осуществляется под руководством родителей. При организации жизни и деятельности ребенка важно учитывать его способности и интересы.

**Ключевые слова:** личность, способность, духовная ценность, кризис. эмоциональная связь, общение, фактор, идеал, личностное развитие.

A.T. Abdrakhmanova, A. Mutanova

*M.Kh.DulatyTaraz State University, Taraz, Kazakhstan*

### ADOLESCENCE CRISIS IN FAMILY PSYCHOLOGY

**Abstract.** This article examines the issues of family psychology and the problem of the crisis of adolescence. The analysis of the theoretical and methodological conclusions of scientists testifies to the psychological significance of family relations in the development of personality, the child's abilities, the formation of spiritual values, the crisis period that occurs in adolescence, the role of friendly relations in the main activities of adolescents. The upbringing of children is the result of systematic work and the correct organization of family relations. A child's behavior at school, his academic performance, self-esteem and creative success are formed in the family.

The practical part reflects the experience of studying parental relationships in the family, mutual emotional ties in family relationships, factors that have a positive impact on a teenager, such as imitation of ideal people and the most important factors of his personal development. In the course of researching the questions "What kind of parents are you?" and "What place does a child have in your life?" the test results were given. Based on these results, effective rules are proposed aimed at harmonizing the family, eliminating negative factors that affect the adolescent and the development of the child's personality. The ability to properly spend the child's time during the period of growing up, the creation of conditions for socialization in society is carried out under the guidance of parents. When organizing the life and activities of a child, it is important to take into account his abilities and interests.

**Keywords:** personality, ability, spiritual value, crisis. emotional connection, communication, factor, ideal, personal development.

### Reference

1. Zhakupov, S.M. Jalpy psihologiyaǵa kirispe [Introduction to general psychology]: training manual / responsible Ed. S.M. Zhakupov. - Almaty: Kazakh University, 2007. - 230 p. [in Kazakh].
2. Andreeva, T.V. Semeinaya psichology [Family psychology]: training manual.- St. Petersburg: Rech, 2004. - 244 p. [in Russian].
3. Týrdaliev, Sh.T. Qarym-qatynas tulǵany áleýmetindirýdiń timdi quraly [Communication is an effective tool for human socialization]: monografia/ Taraz: Tarsu name of M.H. Dulati, 2019.- 211p. [in Kazakh].
4. Zhakupov, SM, Bizakova, F. Bilim berý júesinde qoldanylatyn psichodiagnostikalıq testter [Psychodiagnostic tests used in the education system]. – Almaty, 2006. – 247 p. [in Kazakh].
5. Musaeva, S.A., Begaliev, T. Jas erekshelik pedagogikasy [Age pedagogy]: textbook. – Astana, 2006. 128 p. [in Kazakh].
6. Schneider, L.B. Psichologyasemeinyhotnoshenii [Psychology of family relations]. Textbook for universities. 2nd ed. - Moscow: Academic Project; Yekaterinburg: Delovayakniga, 2006. - 768 p. [in Russian].